

**«Astana English Schoob» мамандандырылған  
гимназиясының  
«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

**ХАТТАМАСЫ № 4**

Қатысқаны: 18  
Күні: 15.11.2021ж

**Төрайымы- Гульзира Нуртаева**  
**Хатшы- Өркен Хафиз**

**Қатысқандар:**

Г. Нуртаева - Қамқоршылық кеңесінің төрайымы; қамқоршылық кеңесінің мүшелері: А.Исмагулова, М.Сарбасов, Е. Момышев, Н. Карнакова, К. Абилова, Н. Ескендинова, А.Дарибекова, Е. Айтуған, З.Таукен -ата-аналар комитетінің төрайымы, ата-аналар комитетінің мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Оқушылардың тамақтану мәселесін қарастыру, брокеражды комиссия мүшелерімен асхананы тексеру.
2. Түрлі мәселелер

**Отырыс барысы:** Қамқоршылық кеңес мүшесі А. Исмагулова сөз алды. Өз сөзінде 2021 ж, 12 қазан күні Қамқоршылық мүшесі Н. Карнакова, К. Абилова брокеражды комиссия мүшелерімен бірлесіп оқушыларды тамақтандыратын асхананы тексерген нәтижесімен таныстырды.

Тексеру кезінде Нұр-Сұлтан қ. Білім басқармасы бекіткен «Ас мәзірінен», асханашылардың санитариялық құжаттарынан, жануартекті, өсімдік шикі заттарына, дайын тағам өнімдеріне берілетін құжаттардан(сертификаттардан) басталды. Одан басқа асханашылардың жұмыс киімдеріне назар аударылды. Мектеп асханасы бекітілген ас мәзіріне сәйкес ыстық тамақтан әртүрлі дәндерден жасалған сүтке піскен ботқалар, кептірілген өнімдерден жасалған компот, шай, асхана кондитері пісіретін ірімшік қосылған дәмді тоқаштар, одан басқа май, сыр бутерброттарын береді екен. Ботқалар түрлерін әр күні ауыстырып отырады. Екінші ауысымда гуляш, палау, туралған еттен жасалған котлета, тефтели, борщ беріледі. Тағамдардың таза салмағы нормаға сәйкес. Ет және сүт өнімдердің балаусалығы сертификатпен салыстырылды, барлығы тоңазытқышта сақталады.

Одан басқа комиссия асхананың гигиеналық санитариялық талаптарына сәйкестігі, жалпы тазалығы тексерді. Барлық шынылы ыдыстар, тарылар, жұмыртқалар қолданар алдында дезинфекцияланады, жуылады. Шикі зат және дайын тағам өнімдерін сақтайтын қоймалармен

тоңазытқыштар да тексерілді.. Ет өнімдері, сүт, балық өнімдері бөлек орналасқан, температуралық-ылғалдылық жағдайлары да нормаға сәйкес.

**Тексеру барысында асхана меңгерушісіне ескерту жасалынды:** тағам турайтын ағаш материалдан жасалынған тақтайшаларды ауыстыру керектігі, санитариялық гигиеналық талаптарға сәйкес келмейді.

Жалпы тексеру барысында санитарлық гигиеналық нормалардың бұзылуы байқалмады, дайын өнімдердің дәмін тату барысында, ботқалар, ыстық тағамдар, тоқаштар мен компот өте дәмді.

**Шешім қабылданды:**

1. Асхана меңгерушісіне ескерту жасалсын.
2. Тағам турайтын материалдан жасалған тақтайшаларды ауыстыру ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Хатшы



Г.Нуртаева

Хафиз Ө.М.